

Жастар тәжірибесін ұйымдастыру туралы

Ақтау қаласының әкімдігінің 2011 жылғы 18 ақпандағы № 157 Қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 25 наурызда № 11-1-152 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы», 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы», 2004 жылғы 7 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңдарына сәйкес, жұмыссыз жастарды - жоғары оқу орындарының, колледждер мен кәсіптік лицейлер түлектерін жұмысқа орналастыру, олардың практикалық тәжірибесін, білімін іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктерінің аясын кеңейту мақсатында, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ақтау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – уәкілетті орган) жоғары оқу орындарының, колледждер мен кәсіптік лицейлердің түлектері арасынан жастарды жұмысқа орналастыру үшін кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелерде (әрі қарай - жұмыс беруші) жастар тәжірибесін ұйымдастырсын.

2. 2011 жылға арналған жастар тәжірибесін ұйымдастыратын жұмыс берушілер тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Уәкілетті орган оқу орындарын бітірген жұмыссыз жастарды іріктеуді жүргізсін және іріктеу кезінде төмендегідей өлшемдер ескерілсін:

- 1) уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген жастар;
- 2) 29 жасқа дейінгі жұмыссыз жастар;
- 3) іріктеу кезінде оларға лайықты жұмыстың болмауы.

4. Жұмыс жағдайы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, жұмыс беруші мен жастар тәжірибесін өтіп жатқан жұмыссыздар арасында жасалған еңбек шарты мен қарастырылады.

5. Жастар тәжірибесі алты ай мерзімге ұйымдастырылады және айлық еңбекақы мөлшері жиырма алты мың теңгені құрайды.

Ескерту. 5 - тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтау қаласы әкімдігінің 2011.06.08 № 630 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

6. Жастар тәжірибесі жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Р. Елтизаровқа

ж ү к т е л с і н .

8. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

О. Қазақбаев

« К Е Л І С І Л Д І » :

« А қ т а у қ а л а л ы қ ж ұ м ы с п е н
қ а м т у ж әне ә л е у м е т т і к
б а ғ д а р л а м а л а р б ө л і м і »
М М - н і ң б а с т ы ғ ы
К . М . А й т б а т ы р о в а

18 ақпан 2011 жыл

« А қ т а у қ а л а л ы қ э к о н о м и к а ж әне
б ю д ж е т т і к ж о с п а р л а у б ө л і м і »
М М - н і ң б а с т ы ғ ы
А . Н . К и м

18 ақпан 2011 жыл

А қ т а у

қ а л а с ы

1 8

а қ п а н д а ғ ы

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

№ 157 қаулысына қосымша

2011 жылғы арналған жастар тәжірибесін ұйымдастыратын кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер тізбесі

№	Кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер аты	Жолдана-тын жұмыс-сыздар саны (адам)	Жұмысмер - зімі	Жұмыс түрі, көлемі	Б і р адамға төле - нетін еңбек-ақы мөлше-рі, теңге	Қаржылан-дыру көзі көзі
1	2	3	4	5	6	7
1	"Ақтау электр жүйелері басқармасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	2	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
2	"Ақтау ақпарат" газетінің редакциясы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	2	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
3	"Маңғыстау облыстық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	5	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет

4	"Маңғыстау облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі	4	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
5	"Маңғыстау облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі	1	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
6	"Маңғыстау облыстық балалар психоневрологиялық интернат-үйі" мемлекеттік мекемесі	1	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
7	"Маңғыстау облысының халыққа қызмет көрсету орталығы" мемлекеттік мекемесі	2	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
8	"Нұр Отан" халықтық демократиялық партиясы" қоғамдық бірлестігінің Маңғыстау облыстық филиалы	2	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
9	"Маңғыстау облысының әділет департаменті" мемлекеттік мекемесі	10	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
10	"Маңғыстау облысының статистика жөніндегі есептеу орталығы" еншілес мемлекеттік кәсіпорны	2	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
11	"Ақтау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	8	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
12	" Маңғыстау облысының балалардың құқығын қорғау департаменті" мемлекеттік мекемесі	2	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
1	2	3	4	5	6	7
13	" Маңғыстау облысы Ақтау қаласының № 2 соты" мемлекеттік мекемесі	3	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
14	"Қазақстан Республикасы бәсекелестікті қорғау агенттігінің (монополияға қарсы агенттік) Атырау және Маңғыстау облыстары бойынша өңіраралық инспекциясы " мемлекеттік мекемесі	1	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
15	"Маңғыстау облыстық ғылыми-өндірістік сот сараптама зертханасы" мемлекеттік мекемесі	1	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет

16	"Маңғыстау облысы сот актілерін орындау департаменті" мемлекеттік мекемесі	2	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
17	"Маңғыстау облысы бойынша салық департаменті" мемлекеттік мекемесі	12	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
18	" Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі	2	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
19	"Ақтау қалалық ішкі саясат бөлімі"мемлекеттік мекемесі	2	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
20	"Ақтау қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
21	"Ақтау әлеуметтік бой үйрету орталығы" мемлекеттік мекемесі	1	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
22	" Маңғыстау облысының табиғи ресурстары және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы " мемлекеттік мекемесі	2	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
23	" Маңғыстау облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы" мемлекеттік мекемесі	5	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
24	"Мемлекеттік зейнетақы төлеу жөніндегі орталықтың Маңғыстау облыстық филиалы" мемлекеттік мекемесі	3	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
25	"Маңғыстау облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі	1	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
26	"Ақтау қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	1	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
27	"Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты" мемлекеттік мекемесі	2	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
1	2	3	4	5	6	7
28	"Ақтау қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі"мемлекеттік мекемесі	2	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
29	"Ақтау қалалық қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
30	"Ақтау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары" мемлекеттік мекемесі	4	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет

31	"Ақтау қалалық мәслихаты аппараты" мемлекеттік мекемесі	1	6 ай	келі-сімге сай	26000	Жергілікті бюджет
	Барлығы	88				

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК